



Автор: Абдурахитова Лена Абдигалимовна
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 4-сынып
Бөлім: Қоршаған ортаны қорғау
Тақырып: Зат есімнің жіктелуі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.2.4.1 мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау 4.4.2.2 жіктік жалғауларының қолданысын білу
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстары жүргізу арқылы оқушылар тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын жетілдіреді, жіктік жалғауларын біледі Көптеген оқушылар: оқыған, тыңдаған материал бойынша өз пікірін білдіріп, мәтіндерге салыстырмалы талдау жасай алады, зат есімді жіктей алады Кейбір оқушылар: оқыған, тыңдаған мәтін бойынша негізгі ойды табады, мәтіннен адамға тән зат есімді тауып жіктейді
Тілдік мақсаттар:	Жіктеу, жіктелу, есімдіктер
Күтілетін нәтиже:	Оқыған, тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру, мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау, оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстары жүргізу арқылы оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары жетілдіру
Бағалау критерийлері:	Оқыған, тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру, мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау, оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстары жүргізу арқылы оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары жетілдіру
Құндылықтарды дарыту:	Адамгершілік, еңбекқорлық, қамқорлық, ұйымшылдық
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Электронды тапсырмалар, презентация, https://bilimland.kz/
Пәнаралық байланыс:	«Дүниетану», «Музыкамен» пәнаралық байланыста жүзеге асыруды мүмкін етеді.
Бастапқы білім:	Мәтін арқылы дереккөздерді дұрыс пайдалана алады. Аудио жазбалары арқылы ойын ауызша және жазбаша жеткізеді және зат есімдерді жіктеу ережелерін біледі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы	<p>(Ұ) «Табиғат сыйы» Тыңдалған құстардың дыбысын сипаттайды және топтарға бөлінуді ұсынамын. Осы дыбыс сипатын табу арқылы оқушыларды 4 топқа бөлемін. -Бұл құстарды ерекшелігіне байланыстықандай топтарға бөлуге болады? -Жарайсындар. 1-топ: «Жыл құстары» -Тырна 2-топ: «Қыстап қалатын құстар» - Қарға 3-топ: «Үй құстары» - Қаз 4-топ: «Ерекше құстар» -Пингвин (Ж) «Қабырға сөйлейді» Әр топтан біроқушыдан шығып қабырғадағы «Қызықты мәліметтермен» таныстырадыжәне қай құсқа тән екендігін табады. «Қызықты мәліметтер» 1.Бұл құс 9апта бойы қоректенбей жүре алады. (пингвин) 2.Үшбұрыш жасап ұшатынқұстарды білесің бе? (тырна) 3.Құстар арасында алғашқы боп қай құс«Алла» деп сөйледі. Сонымен қатар осы құс ораза ұстайтынын білесіз бе?(қарға) 4.Бронхит, пневмониямен ауырғандарға бұл құстың майы өтежақсы жәрдемдеседі. (қаз) Алдыңғы білімді еске түсіру (жеке) (Ұ) «Дұрыс,дұрыс емес» әдісі арқылы ережені қайталау ҚБ: Бармақ арқылы бір-бірінбағалау - Балалар неліктен бүгінгі сабағымыз құстардан басталды депойлайсындар? -Себебі, біздің өтіп жатқан бөлім «Қоршаған ортаны қорғау»және оның ішінде «Құстар туралы не білемін?». Оқу мақсаты: 4.2.4.1мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау жәнеондағы негізгі ойды тұжырымдау 4.4.2.2 жіктік жалғауларыныңқолданысын білу</p>	
Сабақтың ортасы	<p>Топтық жұмыс Оқылым: Мәтін: Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы» атты кітабында былай деген екен: «Көктөбенің басында, алып көк теңіздің жағалауында өмір ағашы - Бәйтерек өседі екен. Жыл сайын Бәйтеректің бұтағындағы ұясына келіп, киелі Самұрық құс күн бейнелі алтын жұмыртқа салады екен. Бірақ жыл сайын айдаһар - жылан сол күн тәріздес жұмыртқаны жеп қояды екен. Бұл көрініс күн мен түннің, қыс пен жаздың ауасын, қайрымдылық пен зұлымдықтың, жарық пен қара түнектің күресін астарлы түрде бейнелейді. Аңыз бойынша Ер Төстік жыланды өлтіріп, Самұрық құстың алтын жұмыртқасын аман алып қалады, ал осыған разы болған құс оның жер асты патшалығынан шығуына көмектеседі. Киелі ағаш туралы аңыз- бейбітшілік пен келісімде өмір сүруге ұмтылған жаңарған Қазақ елінің мақсатты көрінісі». Дескриптор: 1.Мәтінге тақырып қоя алады 2.Мәтіннің негізгі ойын анықтай алады 3.Мәтіндегі адамға қатысты зат есімді тауып, жіктей алады ҚБ: Топтар бірін-біра бағалау (кері байланыс) Жұптық жұмыс Тыңдалым: (Ертегі: «Құстардың әңгімесі» аудиожазба) «ВЕР» әдісі бойынша өздеріне ұнаған кейіпкер құсқа ене отырып, үш жақта жіктеу Дескриптор: 1.Ертегі кейіпкеріне ене отырып, зат есімді үш жақта жіктей алады ҚБ: «Дұрыс, бұрыс» әдісі арқылы жұптар бір-бірін бағалайды</p>	
Сабақтың соңы	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану «Сұрыптау» әдісі бойынша Оқушылардың білімдерін бекіту мақсатында орындалатын тапсырма. Жіктік жалғаулы зат есімдерді көк, басқа зат есімдерді қызыл қорапқа салу.</p>	
Рефлексия	<p>Оқушылар сабақ бойы жинаған құстарын ағашқа қондырып, қоршаған ортаның көркеюіне үлес қосып, бүгінгі оқу мақсаттарына қалай жеткендіктерін айтады.</p>	